# Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

# Мемлекетті басқару формалары.

# Мемлекеттік құрылым түрлері

- **Басқару түрлері**
  - Республикалық
  - Монархиялық
- **Әкімшілік-территориялық құрылымы бойынша**
  - Унитарлы
  - Федерация

# Басқару формасы

- **Республика**
  - **Парламенттік**: Германия, Италия, Финляндия, Австралия, Үндістан
  - **Президенттік**: АҚШ, Аргентина, Боливия, Кения, Гвинея
- **Монархия**
  - **Конституциялық**: Жапония, Дания, Швеция, Ұлыбритания
  - **Абсолюттік**: БАӘ, Катар, Бруней, Сауд Арабиясы
  - **Теократтық**: Ватикан

# Басқару формасы

## РЕСПУБЛИКА

**ПРЕЗИДЕНТТІК (Аргентина, АҚШ)**

**ПАРЛАМЕНТТІК (Италия,Финляндия, ГФР, Үндістан)**

**АРАЛАС (Қазақстан,Ресей, Франция,Румыния)**

# Республика

| Президенттік | Парламенттік |
| --- | --- |
| Үкімет басшысы - президент | Үкімет басшысы – премьер-министр |

Президенттік республика

Үкімет басшысы-президент

АҚШ, Аргентина Бразилия, Пәкстан, Франция

Парламенттік республика

Үкімет басшысы-премьер-министр

Италия, Германия, Австрия, Израиль, Үндістан, Сан-Марино

Карта

# Монархия

**Конституциялық.**

**Монархтың билігі заңмен шектеледі.**

**Нақты заң шығару билігі парламенттің қолында,ал үкімет атқарушы билікке ие. Монарх патшалық етеді, бірақ басқармайды.**

**Абсолюттік**

**Монархтың билігі-шексіз. Үкімет тек монархтың алдында жауапты**

**Теократтық.**

**Мемлекет басшысы-дін басшысы, Рим папасы.**



Конституциялық монархия

монархтың билігі белгілі дәрежеде заң шығаратын билік парламентпен шектеледі.

Ұлыбритания, Жапония, Испания, Нидерланды, Непал, Швеция, Бельгия

Абсолюттік монархия

мұраланған тақ иесінің (монархтың) ешқандай заңдармен шектелусіз, өз қалауынша дара билік жүргізуі.

Біріккен Араб Әмірлігі, Оман, Катар

Теократиялық монархия

монархияларда мемлекет басшысы діни жетекші қызметін де атқарады.

Ватикан, Сауд Арабия, Бруней

# Конституциалық монархия

«патшалық етеді», бірақ басқармайды







***Ұлыбритания, Бельгия, Испания, Жапония, Марокко***

# Ұлыбритания- әлемдегі ең ежелгі конституциалық монархия





Королева Елизавета екінші мемлекет басшысы және сонымен қатар Британ Достастық елдерін басқарады.

# **Жапония**

- Конституциалық монархия, император — “*мемлекет пен халық бірлігінің көрінісі*”.

*Жапония* — конституциялы монархияны сақтаған ел. 1947 жылы 3 мамырда қабылданған конституция бойынша император — “*мемлекет пен халық бірлігінің көрінісі*”. Ол парламенттің ұсынысы бойынша премьер-министрді тағайындайды және премьер-министрдің ұсынысымен үкімет мүшелерін, Жоғарғы соттың төрағасы мен мүшелерін тағайындайды немесе орнынан алады. Конституция бойынша, мемлекеттік істерге толығымен премьер-министр басқаратын үкімет жауап береді. Жоғарғы заң шығарушы орган парламент — екі палатадан (өкілдер палатасы және кеңесшілер палатасынан) тұрады. Ұлттық мерекесі 23 желтоқсан (император Акихитоның туған күні.





# Абсолюттік монархия

«патшалық етеді»  және билік құрады





***Саудовская Аравия, Бруней, Бахрейн, Катар, Оман, Объединенные Арабские Эмираты***

# Сауд Арабиясы- абсолюттік монархия

Бұл елді басқарушы монархтың билігі шексіз деуге болады. Өйткені ол заң шығарушы және атқарушы өкімет билігін жүргізумен қатар үкіметті, қорғаныс және сот істерін де өзі басқарады.
Королі-Абдулла патша.
Сауд Арабия 13 провинциядан құралған[17] (*манатық идария*, – әкімшілік басқару жүйесі). Арабша мухафаза деп айтылады.



# **Теократтық монархия**

(грек.theos-құдай,Kratos-билік)





***Ватикан***

# Ватикан

Ватикан-абсолютті теократиялық монархия.Мемлекет басшысы-Рим папасы.Оның қолында барлық билік(заң шығару,атқару,сот төрелігі) шоғырланған.Бұған қоса Рим папасы сыртқы елдермен қарым-қатынасты да жеке өзі шешеді.







**Президенттік республикалар**

**Парламенттік республикалар**

**Аралас республикалар**

# Анықтама

Республикалық басқару — парламенттік және президенттік болып екіге бөлінеді. Парламенттік жүйесі бар елдерде парламенттегі орындардың көпшілігін сайлауда жеңіп алған партия немесе партиялар коалициясы — премьер-министр басқарады. Үкімет өзі жасап парламент бекіткен бағдарлама бойынша жұмыс істейді, парламентке есеп береді. Парламент жетекші рөл атқарады, қажет десе, басқарушы үкіметті қызметтен кетіре алады. Парламент заңдарды ұсынады және оларды қабылдайды. Премьер-министр де парламенттің карауына заңдар ұсынады. Сот билігі тек заңдарға сүйеніп жүзеге асырылады. Парламенттік республикалық басқаруға Италия, Алманияны жатқызуға болады. Президенттік жүйеде президентті және парламентті халық сайлайды, заңды билік пен атқарушы билік арақатынасы өзгереді, ел президенті мемлекеттің де, үкіметтің де басшылығын өз қолына алады. Президенттік басқару үлгісі ретінде АҚШ-ты келтіруге болады.

# Анықтама

Монархия (гр. μοναρχία — біртұтас билік) абсолюттік және конституциялық болып екіге бөлінеді. Монархия (грек. monarchia – дара билік) — жоғарғы мемлекеттік билік бір ғана басшы – монархтың (патша, шаһ, сұлтан, хан, халиф, король, император, т.б.) қолында болатын және ұрпақтан ұрпаққа мұрагерлікпен берілетін басқару тұрпаты

**Монархия (гр. μοναρχία — біртұтас билік) — абсолюттік және конституциялық болып екіге бөлінеді. Абсолюттік монархия— мұраланған тақ иесінің (монархтың) ешқандай заңдармен шектелусіз, өз қалауынша дара билік жүргізуі. Шыңғыс хан және оның ұрпақтары билеген Қыпшақ мемлекеттері, XVIII ғасырдың соңындағы буржуазиялық революцияға дейінгі Людовиктер басқарып келген Франция осы абсолюттік монархияға мысал. Атадан балаға мұра боп қалған билік иесінің мемлекеттің сайланып қойылатын басқару органдарымен біте қайнасып, демократиялық ұстанымдармен үйлесім тауып басқаруын конституциялық монархия дейді. Мысал ретінде қазіргі Англия, Жапония мемлекеттерін айтуға болады.**

# Анықтама

**Теократтық (грек. theos — құдай, kratos — билік) монархияларда мемлекет басшысы діни жетекші қызметін де атқарады. Мұндай мемлекеттер қатарына Бруней, Сауд Арабиясы және Ватикан жатады**.